

Келес аудандық білім бөлімі
ЖШС «А-Диас» бөбекжай балабақшасында өткізілген
жалпы ата-аналар жиналысының

№1 Хаттамасы

Қатысқаны – 78
Қатыспағаны –

3 - Қыркүйек
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. «Келіңіз танысайық»
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Бала тәрбиелеудегі өрт ережесін білу.
4. Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Сөз алғандар: А.Байжанова
 (меңгерушісі)
 Г.Сейдазимова
 (шаруа меңгерушісі)
 У.Куанышова
 (Әдіскер)

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның меңгерушісі А.Байжанова, балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарын таныстырып, оқу жылының міндеттерімен мақсаттарын айтты.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндеті стандарт талаптары негізінде балабақша жұмысын бірнеше бағыттар бойынша ұйымдастырдық.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұнын бәсекеге қабілетті, зияткерлік қасиеттері дамыған, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған оқу, тәрбие жұмыстарын жүргізу.

2. Педагогтың ата-аналармен бірге белгілі мақсатқа қол жеткізу үшін балабақша өміріне қатысуы.

3. Кіші топтарда сенсорлы-дидактикалық ойындарды ұйымдастыру одан әрі дамыту.

4. Балалардың адамгершілік, мінез-құлық нормалары мен ережелері, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүрлер және тұлғалық білім беруде ізгі қарым-қатынасқа тәрбиелеуді дағдыландыру, - деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша «Ата-аналар комитетін сайлау» мәселесін балабақша меңгерушісі – А.Байжанова, ата-аналар комитетінің құрамын қайта сайлаудың қажетіжоқ екенін айтты. Ата-аналар қауымы бір ауыздан қолдады.

